# Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту

Педагогикалық шеберлік орталығы

**Қаңтар 2015**

# Оқушылардың дарыны мен талантын ашу

# Білім берудегі проблемалар

4 Тану

4 Тиісті деңгейде жабдықтау

4 Ресурстарды бөлу

4 Жүйелі мониторинг

4 Әлеуметтік және эмоциялық қажеттіліктер

4 Мұғалім мен ата-аналардың түсінігі мен үміттері бір

# Жұпта талқылау

4 Дарынды және талантты дегеніміз не?

4 Қазақстан мектептерінде олар қалай анықталады?

4 Дарынды және талантты балаларға қандай белгілер тән екенін жазыңыздар.

# Дарындылық пен таланттың кейбір анықтамалары

- 4 Дарынды балалар бір немесе бірнеше пән бойынша аса жоғары деңгейге жетеді.
- 4 Талантты балалардың музыка, өнер, спорт сияқты нақты салаларда ерекше қабілеттері болады.
- 4 Бір салада дарыны не таланты болып, басқаларда болмауы мүмкін
- 4 Зияткерлік қабілеті эмоциялық дамуына сай келмеуі мүмкін

# Оқушы сипаттамасы

- Оқушыңыз белгілі бір деңгейде дарынды не талантты ма?
- Оның қандай мықты және осал жақтары бар?



Плакатқа оқушының бейнесін салып, оның мықты және осал жақтарын көрсетіңіз.

## Дарынды және талантты деп танылған балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру

Барлық оқушыларды дарыны мен таланты бар жеке тұлға деп қарастыруға болады, оны тек танып дамыта білу қажет.

Алайда, ерекше қолдау көрсетуді талап ететін, жоғары қабілеттері бар белгілі бір топты бөліп алып қарастыруға мүмкіндік беретін нақты сипаттамалар бар.

# Жоғары қабілетті балалардың сипаттамалары

4 есте сақтау қабілеттері өте жоғары; ақпаратты біліп қана қоймай, оны пайдалана алады;

4 оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өздерінің оқуын реттей алады;

4 жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспарды тез жүзеге асырады;

4 проблеманың мәнін тезірек ұғады;

4 ойлары тиянақты, проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады;

4 күрделі ойындар мен тапсырмаларға ұмтылады;

4 назарын ұзақ уақытқа шоғырландыра алады;

4 ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды.

## Мұғалімдер осындай оқушылардың қажеттіліктерін қалай қанағаттандыра алады?

«Студентке арналған нұсқаулықтан»

«Осындай балаларға мұғалім не ұсына алады? Тапсырмаларды күрделендіру. Экстернат» бөлімін (69-бет) оқыңыз.

.

# Шағын топтағы пікірталас

- 4 Қазақстан мектептерінде жоғары қабілетті балаларға қандай жағдай жасалып, ресурстар ұсынылады?
- 4 Жаттығуларды күрделендірудің және экстернаттың қандай түрлерін көрдіңіз немесе білесіз?
- 4 Бұл екі тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктері неде?